


егемен Қазақстан

Шың мен шыңырау Бізге белгілі әрі белгісіз Горький

Шығармашылық шеберлік, жазушының өзіндік лабораториясы, әдебиет төңірегіндегі парасат-пайымдары – қаламгердің ең үлкен қазынасы. Біз де жазушы Дулат Исабековтің қоржынындағы әдебиет туралы жазған дүниелеріне қолқа салып отырған жайымыз бар. Жазушының сериялы мақалаларының алғашқы бөлімін оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Ресей тарихында сол кездегі ұғым бойынша, мемлекеттік ғылым мен саясат әлемі дүниеге Ленин сынды бұрын-соңды болып көрмеген және қайталанбас ғұламаны берсе, әдебиет әлемінде тақылеті ерекше, құпиясы мол, терең ойлы, бір ғасыр мен бір ғасырдың арасын жалғастырып тұрған алып көпірдей бір құдіретті тұлға болды, ол тұлға – Алексей Максимович Горький. Өткен тарих болған соң жүзеге асуы оп-оңай боп көрінген социалистік реализмнің негізін өз қолымен, жалғыз қалаған да осы ұлы тұлға еді. Ол социалистік реализм негізін XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бас кезінде-ақ дүниеге алып келді. Ол өмір есігін Алексей Пешков боп ашып, Игудиил Хламида боп жалғастырып, Максим Горький боп мәңгіге қалды. Бір ғұмырында бір адам жалғыз есімін тарихқа жазып кете алмай жатқанда, ол осы үш атты да дүниеге мәшһүр етіп кетті.

Бұл тұлғаны да түсіндім, түгел зерттеп болдым деп ойлауға, сірә, болмас. Жалпы, дүниедегі әрбір жай жүрген адамның өзі құпия екенін ескерсек, Горький сынды екі ғасыр философиясы мен психологиясын, мінездері мен жан дүниесін бойына түгел сіңіріп, сол бойға сіңірген қасиеттерін байыпты ой мен ақылдың салиқалы сарабынан, қан мен жүректің бұлқынған темпераментінен суара біліп, оны үлкен шеберлікпен қағаз бетіне түсіре алған адамның суреткерлік сыры бізден кейінгі ұрпаққа да тылсым боп қала бермекші.

«...Жазушы пайғамбар боп туылуы керек» деген тұжырым жасағанда Максим Горький отызда ғана еді, яғни 1898 жылы болатын. Бұл тұжырымның батылдығы мен тереңдігі соншалық, алғаш естігенде зәрең кетеді. Ақылың мен санаң шартарапты шарлап, өзіңнен де, өзге замандастарыңнан да пайғамбарлықтың нышандарын таба алмай, Абай айтқан «адасқан күшіктей» ұлып кеп өз тәніңді қайта табады. «Қалай пайғамбар болу керек? – дейсің діңкең құрып. – Қалай? Ол кісінің жазушы байғұстың алдына орындалмайтын талап қойғаны несі? Осы замандағы адамдар пайғамбарды қажет ете қояр ма екен? Қажет еткен күнде, бір Қазақстанда ғана ресми 850 жазушы бар, егер солардың бәрі пайғамбар болса... Құдай сақтасын, бұл деген пайғамбарлардың бүтін бір армиясы ғой! Әлде, ол әр заманда бір рет қана туылатын нағыз жазушыны айтып отыр ма? Әлде «әдеби шығарма атаулыға бұдан былай бір тиын да ақша төленбейді» деген шешімнен кейін де ақыл-ойын сарып қып, денсаулығын да ойламай, қағаздан бас көтермеуге дайын боп туған «әпенде-жазушыны» мегзеді ме екен? «Пайғамбар боп туылу керек!..» Өзі ше? Бұл сұраққа нақты бірден жауап беру мүмкін емес. Оған Горькийдің бүкіл тіршілігі, тындырған ісі, әлемдік әдебиеттегі тым асқақ тұлғасы, оған деген барша ұлт пен нәсілдің, әртүрлі наным мен таным өкілдерінің жаппай сүйіспеншілігі жақсы дәлел болар.

1898 жылы, яғни өзінің әйгілі «Жазушы пайғамбар боп туылуы керек» деп тұжырым жасаған жылдың көктемінде оның алғашқы кітабы жарық көрді. Сол кітап оған бүкілресейлік атақ алып келді. Замандастарының айтуы бойынша «үлкен даңққа бір-ақ аттам қалып еді». Әдебиеттің алтын бесігі болған он тоғызыншы ғасыр соңғы екі жылда келесі ғасырдың қамын ойлап, оған ең соңғы ұлы перзенттерінің бірін сыйға тартты... Сөйтіп ол перзент халыққа қызмет етуде екі ғасыр даналығы мен тәжірибесінің «қарапайым көпірі» (Л.Леонов) болып қалыптасты. Өзінің алғашқы кітабымен-ақ дүниежүзілік даңққа қол созған адам жиырмасыншы ғасырда отыз алты жыл өмір сүрді. Бұл отыз алты жылдың әр жылы, әр күні жеміске де, жеңіске де толы болды. Еуропалық, дүниежүзілік ой мен образдар қорына «Ана», «Фома Гордеев», «Клим Самгиннің өмірі» романдары мен «Шыңырауда», «Күн балалары», «Жаулар», «Тоғышарлар», «Васса Железнова» секілді мазмұны терең, көркемдігі биік драмалар кеп қосылды. Горькийдің біз көріп, біз танып жүрген әдебиеттегі бейнесі мұхиттағы көшіп жүрген айсбергке көбірек ұқсайды. Жалпы, оның адамдық, суреткерлік образы тек жазушылық қана шеңберде қаралмай, өмірдің барлық спектрлерінен қарағанда ғана толық ашылмақ. Оның қаламынан туған көркем шығармаларынан басқа «Горький оқыған», «Горький пікір айтқан» деген кітап пен кітап боп шықпаған қолжазбалардың өзін тізіп отырсаң, бір адамның ғұмырына жетерліктей. Біздің Иван Шуховтың да қолжазбасы оның назарынан тыс қалмапты. Ал кеңес жазушыларының алғашқы одағын құрып, алғашқы съезін өткізіп, алғашқы

баяндамасын жасап, аяғынан қаз тұрып келе жатқан басқа ұлттардың да әдебиетін қамқорлыққа алу, ол әдебиеттер жайлы ұлағатты пікір айту да бір адамның бір ғұмырына аз жүк болмас еді.

1936 жылы Горький мәңгілік көз жұмды. Оның тәні ғана арамыздан кетіп, рухы мен ойы келер ұрпақтарға мұра боп қалды. Оның мәңгілікке аттанғанына биыл сексен екі жылдан асты.

Менің құрдастарым «дүниеге еңбектеп келгенде, ол әлдеқашан шалқалап үйден шығып кеткен» екен. Ол көз жұмғанда бүкіл ел аза тұтса, сол азаның ішінде қазақ халқының даусы қаттырақ шыққанына күмәнім жоқ. Өйткені жақсыға жаттығы жоқ қазақ өзгенің жақсылығына қашан да баладай қуанып, өзгенің қайғысына өз қайғысындай қайысқан. Өзге ұлттың ұлы өкілдерін өз ұлындай көріп, оны қазақ деп санаған. Сондықтан да ақ-қарасын, түп-төркінін танымай жатып, қисыны келмей тұрса да өз перзенттеріне жат та болса жақын боп кеткен басқа ұлт өкілдерінің есімін берген. Қазақта «Мақсым» боп жүрген көп азаматтар Волга бойының ұлы жазушысына деген құрметтің белгісі болса керек.

Совет әдебиетінің барлық игі дәстүрі Горький есімімен тығыз байланысты. Социалистік реализм әдісі, сондағы жаңашыл рух, революциялық дәстүр, бәрі-бәрі де Горькийден бастау алады. Біз бәріміз «Горькийдің шинелінен шыққанбыз», сондықтан кеңес әдебиетінің Горькийді оқып өскен буыны оған мәңгі қарыздар.

Бұл күндері ұлы жазушы рухына риза халқы оның қабірінің басына тынбай ағылуда. Ол өмір сүрген уақыт пен қабір басына барып бас иіп тұрған кезекті ұрпақтың арасын уақыт кеңістігі ұзартқан сайын оған деген махаббат, оған деген құрмет молая бермек. Сөйтіп әдебиет табалдырығын аттап басқан жылы өзі айтқан: «Жазушы пайғамбар боп туылуы керек» деген орындалмас талаптың шыңына жападан-жалғыз көтеріле бермек. Бірінен бірінің артық екенін мойындау қолына қалам ұстап, бір нәрсе тындырып жүрмін деп ойлаған үлкенді-кішілі жазушы атаулыға, әрине ауыр да қиын. Қиналдың, қимадың деп іштей қынжылыс білдіргендерді сөгуге де болмас, өйткені олардың әрқайсысы өз әлінше шыңға ұмтылып келеді ғой, сол жолда сарапшыл мінез көрінсе ол мінездің түп-төркінін де түсінуге болар. Әйтсе де, бәріміз Горький шыңына қарағанда, қызғаныштан гөрі күлімсіреп өз бойымыздағы міндерден арылудың жолын ойлаңқырап тұрып қарағанымыз ғанибет сияқты.

Өмірінің соңғы кезеңінде замандастары әзіл-шынын араластырып, оны мекеме деп атаған екен. Бұл сөзде Горький бейнесін, оның болмысын тап басқан теңеу бар. Оның әдебиеттегі, қоғамдық өмірдегі, саясаттағы, күнделікті тіршіліктегі қарекетін жақсы білетін кісі оның шын мәнінде жеке адамнан гөрі бүтін бір мекемеге ұқсайтынын жақсы түсінер еді. Бәрін былай қойғанда, алыстағы қазақ әдебиеті жайлы аталы сөз айтып, оның І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, С. Мұқанов секілді өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болуының өзі оның ұлыға тән қарапайым екенін танытпай ма?

Кеңес әдебиетінің аса көрнекті өкілі, философиядағы публицист, жазу мен ойлаудағы стилист Леонид Леонов Горькийдің 100 жылдығында сөйлеген сөзінде оның болмысы жайлы мынадай шағын портрет жасаған еді: «...Менің жанымда адам бойындағы басты мінездер мен қасиеттердің тарлан төрешісі, ұлы ұранмен алға ұмтылған екі ұрпақтың елшісі тұр еді. Ол табиғатынан ұлы ұстаз боп мына ғасырдағы бүтін бір ұрпақтың азаматтық өсиет сөзін өз қолымен жазып, монархтарды талқан етіп, сөзбен айтып жеткізе алмас терең ой, шексіз парасатымен күні ертең Жер деп аталатын алып шардың қожасы боп тұра қалу үшін жаратылғандай кең иықты, алып денелі, айта беретін асыл тұқымды, жаны елгезек Новгород перзенті еді. Ол алып тұлғаны Төменгі – Новгород, қасиетті Еділ бойы тарих өзенінің арынды бір тасқыны тұсында егіздің сыңарындай ғып ұлы Ленинмен бірге біздің жағалауға тарту еткен-ді».

Әдебиеттегі алғашқы адымын отыз жасында бастаған Алексей Пешков отыз сегіз жасында тұлпар шабыс ашты. Оның дүбірі іргеде жатқан кішкентай Дат елінен бастап, арғы жағы Америка мен Англияны түгел дүрліктірді. Қырыққа жетер-жетпес шағында ол

дүниежүзілік әдебиеттің майталмандары – Р.Роллан, Г.Уэллс, К.Гамсун, С.Цвейгтердің қатарынан қысылып-қымтырылмай еркін орын алды. Ал бүгінгі таңда ол тек орыс халқының емес, адамзаттың ортақ мақтанышына айналып отыр.

Сол Л.Леоновтың сөзімен айтқанда, ол өткен ғасырдан бізге көпір боп жетіп, қалам мен жазушылық қуатын халыққа қызмет етуге жұмсаудың, шығармашылық ойды мемлекет экономикасын көтеруге арнаудың негізін салып, үлгісін көрсетіп берді.

1898 жылы Ресей Толстойдың 70 жылдығын тойлап жатты. Нижегород театрында Толстой пьесаларынан жекелеген көріністер, прозалық шығармаларынан әртүрлі эпизодтар көрсетілді. Сол кезде Толстойды Шекспир, Сервантес, Данте, Гетенің қатарында бағалаған Горький, қарапайым халықтан гөрі шалағай интеллигенцияның, яғни ақсүйектердің тоғышарлығына қатты налыған еді. Ол әдебиетті жасайтын жекелеген адамдар болғанымен, оны тудыратын – халық, халықтың жалпы талғам дәрежесі деп білді. Шынында да, әр халықтың өзіне лайық патшасы болатыны сияқты, әр елдің де өзіне сай жазушысы болады емес пе? Ұлы жазушы деп танып отырған адамның ой-өрісі мен болмысына қарап, сол жазушы шыққан халықтың рухани және мәдени деңгейін тануға болады. Оқушысының санасы мен деңгейі көтерілмеген елде дүниежүзілік атқа лайық жазушының жеке дара тууы неғайбыл.

Горький дәлізде сөйлескен адамдардың ой-өрісіне қатты қынжылып, ашына жазды.

«Қыз бен жігіт сөйлесіп тұр. Түрлеріне қарағанда көпестер әулетінен болса керек.

– Граф Толстойдың арғы тегі шаруа ма еді?

– Ж-жоқ, меніңше, ол... помещик болса керек.

– Онда оның өзі неге шөп шауып, жер жыртады?

– Ә... не істерін білмей еріккеннен ғой.

Бәлкім, кедейліктен де шығар»...

Шыға берісте қарны жуан екі мырза сөйлесіп тұр.

– Түсінсем бұйырмасын, – деді біреуі басын шайқап.

– Толстой болса төрде отыр, ал Россия залда түрегеп тұр. Оның төңірегіндегі топырлап отырғандар кімдер соншама?

– Графтың туған-туысқандары, немере-шөберелері мен ағайындары шығар...

– Неге олардың бәрі Толстойдың шығармасы жайлы айта береді?

– Енді... туысқандары болғасын...

Тағы бір ақсүйек еркек пен әйелдің әңгімесі.

– Оркестр неге «Крейцер сонатасын» орындамады екен?

– Соған менің де басым жетпей тұр. Ешқашан кешірілмес қателік. Меніңше, өзінің «Крейцер сонатасын» Толстой Крейцердің музыкасына жазғанын Собольщиков кешті жүргізуші әрі дирижер ұмытып кетті ғой деймін.

– Қойыңыз, өйтіп шатастырмаңыз, – деп дауыс көтерді әйел. – Толстойдың «Крейцер сонатасының» сөзіне музыка жазған Бетховен емес пе?».

Әдебиетті көгертпейтін мұндай тоғышарлардың өзі өмір сүріп жатқан кезде ғана емес, күні бүгінге дейін бар екенін, молдау екенін Горький байғұс білмей өтті-ау!

Уақыт өтер, желдей есіп жылдар да жылжи берер. Жаңа мемлекеттер пайда болып, жаңа материктер ашылар, біздерге ұқсамайтын, бізбен келіспейтін жаңа ұрпақтар да өмір сүрер. Бірақ ұрпақ пен жаңа дәуірдің қандай талабына болмасын жауап берер, төтеп берер ірі тұлғаларға біздің кезеңіміз кедей емес. Сол ірі тұлғалардың ішінде ғасырлар тұманына бой бермей, керісінше жылдар өткен сайын жаңғырып, асқақтай түсетін ұлы бейнелердің бірі – Алексей Максимович Горький бейнесі. Лев Толстой туралы Горькийдің өз сөзін қайталасак: «Біздің сөзіміз қанша жылы болғанмен, оның қабірін жылыта алмас, бірақ оның ойы, оның ісі, оның сөзі келер ұрпақтардың жүрегіне жылу, бойына ізгі дару беріп тұратыны даусыз». (4 июнь, 1986 жыл. «Қазақ Әдебиеті» газеті).

Оның туған қаласы – Нижнийновгород көптеген елді мекендер мен мектептер, кітапханалар, көшелер, барлық ірі қалалардағы орталық демалыс парктері және «Мос-

фильм» киностудиясы оның көзі тірі кезінде-ақ Горький есімімен аталды. Бұл – оның атақ-даңқының шыңы еді. Оның туған қаласы Нижнийновгород жазушы шығармашылығының 40 жылдығына орай Горький қаласы деп аталды.

Өмірдегі және шығармашылықтағы драма

«Театрдың туылуы» атты кітабында МХАТ-тың негізін салушылардың бірі әрі Островскийдің, Чеховтың, Толстойдың, Горькийдің пьесаларын реформаторлық жоғары таным деңгейімен сахналап, олардың шығармаларына өлмес ғұмыр сыйлаған В.Немирович-Данченко бүкіл театр болып Ялтаға, Чеховтың көңілін сұрауға барған кезінде кенеттен Горькиймен танысқанын, сол таныстықтары шығармашылық достыққа ұласып, оған бір емес, бірнеше пьеса жаздырғанын айтады.

«Ялтаға келген соң, театр артистерін қонақүйге орналастырып болдым да, чемоданымды нөмірге қоя салып, Чеховпен жолығу үшін ол тұратын үйді асығыс іздеуге шықтым. Сырқаттанып жүрген оның кешкі сағат тоғызда ұйықтауға жататынын білгендіктен, мекенжайы жазылған қағазды қолыма ұстап, көше-көшені кезіп, қыр басына салынған деп естіген Чеховтың дачасын таба алмай әуре болдым. Қараңғылықта сұрай қоятын да адам жоқ. Жоғары өрлеп келе жатқанымда төмен қарай түсіп келе жатқан адамның сұлбасын көріп қалдым. Ол тура маған қарай келе жатты. Бойы ортадан жоғары, үйрек тұмсықты, қою жирен мұрты бар, қорғасындай салмақты қоңыр дауысты, Волга бойына тән «о» әрпін ерекше ырғақпен айтатын, аяғында биік өкшелі етік, үстінде матрос плащы бар. Чеховтың дачасының қайда, қай жерде екенін ол саусағымен түрткендей анық көрсетіп берді.

Мен келгенде Чехов есікті өзі ашты.

– Горький қазір ғана үйден шықты. Ол сені ұзақ күтіп еді, – деді Чехов амандық-саулықтан бұрын.

Чеховтың вилласын анық көрсетіп берген әлгі кісі – Горький екен. Алакеуімде мен оны тани алмап едім. Ол кезде Горькийдің портреті кең таралмаған еді».

Горький пьесаларының қалай жазылып, қалай қойылғаны туралы айтпас бұрын, жазушының сол кездегі сергелдең халінен хабар бере кетудің ешқандай артықшылығы бола қоймас.

* * *

1900-жылдары Горький айдауда болатын. Жандармерияның шешімі бойынша ол тек Нижний-Новгородта немесе сол губернияға қарасты уездік қала Арзамаста ғана тұруына рұқсат етілген-ді.

Театр труппасымен Ялтада өте жақын танысып, Чехов пьесаларын ерекше ықыласпен көріп шыққан Горький театрға арнап «бірдеңе» жазуға уәде берген еді. Кейіннен Немирович-Данченко Горькиймен жолығу үшін Арзамасқа әлденеше рет барып жүріп, ақыры оған пьеса жаздырып алады.

Горький саяси сенімсіз адам ретінде қуғында жүргендіктен билік өкілдері, әсіресе Петербург шенеуніктері оған қырын қарап, онымен қандай да бір қарым-қатынасқа түскен қауымға да қауіпті топ ретінде қарай бастады. Сөйтіп Ресей қоғамы екіге бөлінді – Горькийді жақтаушылар және оны жек көрушілер. Оның алғашқы пьесасы – «Мещандар» сахнаға қойылғанда ерекше оқиға орын алады.

Қойылымды көруге Горький шығармаларын бағалайтындармен қатар, оның атын естігісі келмейтін шенеуніктер үлде мен бұлдеге малынып, бриллиантқа көмілген ханымдарын қолтықтап, театр табалдырығын аттады. «Өнерде де, театрда да, көркем әдебиетте де шығармаға атақ-даңқты әйел қауымы жасайды» деген жазылмаған қағида рас екен. Горький десе құлағын басатын күйеулерінің құлақтарының құрт етін жеп әрі Көркем

театрға барып, сол кезде модаға айнала бастаған Горький шығармаларын тамашалауға көндірген еді.

Нағыз көркем шығарма – әрқашан бүлікшіл. Ол өмірде қатып қалған қағидаларды қақырата бұзып келеді. Ол қарсыластарын да, жақтаушыларын да өзімен бірге шұбырта ертіп келеді.

Петербургтің үлкен драма театрында қойылған «Мещандар» нағыз «бүлікшіл» қойылым болды. Соған қарамастан қарсыластар мен жақтаушылардың, тіпті немқұрайды тоғышарлар мен скептиктердің басын бір залға түгел жинаған қойылымға айналды.

Нағыз өнердің арқасында аса таңғаларлық саяси үш бұрыш бір жерге тоқайласты: Петербург, Театр және Максим Горький.

Горькийдің жеке басының драмасы сахнада драмалық ситуацияға ауысып, көрермендердің бәрін бірдей әуелі саспенске, қойылым соңында катарсиске «шомылдырып», ақ жағалылар мен қара жағалыларды, фрак кигендер мен қоңыр шекпенділерді, бриллианттары жарқ-жұрқ етіп көз шағылыстырған мойындар мен ақ білектерді, қысқасы, ақ сүйектер мен қара сүйектерді тазартып шығарды. Олардың бәрі театрға кірген кездегіден басқаша адам болып шықты.

Ялтадағы кездесу мен «Мещандар» аралығында Горькийдің атақ-даңқы шарықтап өсе бастады. Соның нәтижесінде Максим Горький Академияның құрметті мүшесі болып сайланады.

Горький өмірінің кезекті драмасы басталды. Ұлы князь Константин (Романов) Академияның президенті болатын. Оған жоғары жақтан қысым көрсетіліп, ол Горькийді құрметті мүшеліктен сызып тастайды. Оның бұл қылығы жұртшылық наразылығын туғызып, Чехов пен Короленко Академия мүшелігінен кететіндіктерін білдірді.

«Мещандардың» кезекті қойылымдарының бірінде ұлы князьдің мынадай өрескел шешіміне наразы жұрттың жаппай демонстрацияға шығу қаупі төнді. Мұндай қауіптің алдын алатын бір-ақ шара бар еді. Ол – пьесаның қойылуына тыйым салу.

Солай болды да.

Цензура «Мещандар» пьесасын сахнадан алдыртып тастады.

Театр мен билік арасында ұзаққа созылған әуре-сарсаңнан соң әрі қойылымды біржола жауып тастау жұртшылық наразылығын өршіте түсуі мүмкін деген театр ескертуінен кейін, цензура амалсыздан пьесаны қоюға рұқсат береді. Онда да өте шектеулі түрде – абоненттер арқылы ғана.

«Мещандардың» (алғашқы нұсқасы «Мещан» деп аталған) премьерасы саяси толқуларға себеп болды. Комиссаржевская театрындағы премьерадан соң зал толы жастар Горькийдің айдауда жүргенін біле тұра әдейі «Автор! Автор! Автор!» деп айғайлап, сахнаны жаптырмай қойды. Пьесаның тақырыбы бір отбасының өміріне арналғанмен оның финалы езілген жұмысшы тобының, қарапайым еңбек адамының ауыр тұрмысы, кедейшілік өмір көрермендердің санасын оятып, халықтың қайыршылықта өмір сүріп жатуы самодержавиенің халықпен санаспайтын саясаты деп қабылдап, кейбір ашу-ызаға булыққан жастар «Жойылсын самодержавие!», «Жойылсын ұлы князь!» деп айғайға басты.

Пьесадағы жұмысшы Нилдің айтқан сөздері халық арасына мақал боп тарады.

«Честными людьми командуют свиньи, дураки и воры». «Прав не дают, права берут». «Человек должен сам себе завоевать права, если не хочет быть раздавленным». «Человек – звучит гордо».

Бүгінде де мәнін жоймаған бұл қанатты сөздер жұмысшы Нилдің аузымен айтылатын Горькийдің мақалға айналған мағынасы терең аса құнды тіркестері.

Горький шығармаларына деген цензура күшейген сайын оның ел ішіндегі атақ-даңқы жел үрлеген өрттей қаулап өсе түсті. Оның себебі не?

Уақыт. Заман. Шығарма

Әрбір ұлы жазушыны заманның өзі тудырады. «Міне, мен осындаймын. Сен мен туралы жаз. Ол сенің қолыңнан келеді» деп сыбырлайды заман жазушыға. Жазушы заман талабын орындауға кіріседі. Заман талабын, уақыт рухын табиғи түрде орындауға кірісе отырып, осындай ұлы міндетті мойнына алған жазушы сол міндетті міндет деп түсінбеуі мүмкін. Ол – табиғи инстинктің «тұтқыны» ретінде жазуға отырады. Өзінен мыңдаған жылдар бұрын өтіп кеткен тарихты жазса да, инстинкт тұтқынына айналған шынайы суреткер, сол тарих арқылы өз заманының проблемасын қозғамай қала алмайды. Өзін саясаттан тыспын деп ойлайтын жазушының өзі саясатқа шығармалары арқылы көзқарасын білдіріп қалғанын байқамайды, тіпті саясаттан тысқары болудың өзі – саясат.

XIX ғасырда 32 жыл, XX ғасырда 36 жыл өмір сүрген Горький кезеңі буырқанған оқиғаларға толы болды. 1825 жылғы декабристер көтерілісінің ел ішінде басыла қоймаған самодержавиеге деген қарсылық, 1905 жылғы революция (тарихта «Қанды жексенбі» деп аталған), орыс армиясының орыс-жапон соғысында ойсырай жеңілуі, 1914 жылғы Германияға қарсы соғыстың Ресей үшін масқара бітіммен аяқталып, оның соңы 1917 жылғы революция, Ленин бастаған большевиктердің билікті басып алуы, азамат соғысындағы қызыл қырғын, ел ішін жайлаған ашаршылық, Кеңес өкіметінің қанды қырғын арқылы билікке толық қол жеткізуі, коммунистердің шіркеу мен мешіттерді қиратып, құдайсыз, атеистік мемлекет құруды шындап қолға алуы, басқа да толып жатқан солақай саясаттарды бастан кешіруіне тура келген Максим Горький, қарапайым халықтың әлеуметтік теңдікке қол жеткізіп, идеалды қоғам құру мақсатындағы күресі мен сол күрес жолындағы қантөгістері текке кеткенін, «пролетариат диктатурасы» жеке адамдардың, әсіресе Сталиннің диктатурасына айналғанын түбегейлі түсініп, «сырты бүтін, іші түтін», яғни ішкі қайшылыққа толы кезеңде ғұмыр кешті.

Ол қандай қайшылықтар және ол қайшылықтардың қандай трагедияға әкеп соқтырғанына кейінірек тоқталамыз.

Замандастарының естелігі бойынша М.Горькийдің даңқы оны жақтаушылардың арасында ғана емес, жауларының арасында да арта түсті. «Мещандардың» зор табысына қарамай, ол бұл пьесасына баса назар аудара қоймаған секілді. Әрі Көркем театрдың талап-тілегі бойынша, ол «кедейлер мен жалаңаяқтардың» тіршілігіне арналған жаңа пьеса жазуды шындап ойлай бастады.

Ол Нижний-Новгород губерниясының кішігірім уездік Арзамас қаласында айдауда жүрген кезінде «жалаңаяқтардың» өмірінен жазылған «Өмірдің шыңырауында» деп аталатын драмасын жазып бітіреді. Бұл – 1902 жылдың тамыз айы еді. Кейіннен ол пьесаның атын «Шыңырауда» деп өзгертті («На дне жизни» – «На дне»). Пьесаны алу үшін Арзамасқа арнайы келген Немировичке ол шығарманың бірінші актісін оқып береді.

«Жалаңаяқтар мен қайыршылардың» өмірі – Горькийдің өскен ортасы. Ол бұл пьесаны зор ынтамен, зор шабытпен жазып шықты.

Пьесаны театрға әкеп оқығанда бүкіл театр ұжымы оны ду қол соғып, орындарынан тұрып қуана қарсы алады. Мұндай репертуар театрға ауадай қажет еді. Бұған дейін халықтың ең төменгі сатысындағы кедейлер мен жаны жаралы жарлылардың өмірін көрсетуге арналған шығарма жоқ еді. Пьесада ашылған қарапайым халықтың ащы тұрмысы мен ащы айғайы, ескілік пен жаңалықтың ашықтан-ашық жазылған наразылығы жан-жақты көрсетілген еді.

Горькийдің бұл пьесасы да «Мещандар» секілді шықпай жатып биліктің қарауына ілікті. Театр репетицияға кіріспей жатып цензурамен арпалысып кетті.

Цензура пьесаның қойылуына тыйым салды. Заман солай еді. Пьесаның тақырыбы аса қауіпті тақырып ретінде қабылданды. «Кедейлер мен жалаңаяқтардың» қиын да ауыр тұрмысын сахнаға шығару – онсыз да Ресей аспанында күннен-күнге екпін алып келе жатқан «жұмысшы наразылығын» өршіте түсуі мүмкін деген үрейден билік өкілдері пьесаның репетициясының өзіне рұқсат бермеді.

Театр мен билік арасында тағы да тайталас басталды. «Горькийдің жаңа пьесасына тыйым салыныпты» деген хабар жұртшылық арасына лезде тарап, әр жерден наразы топтар көшеге шыға бастады.

Мәскеу көрермендері тағы да екі топқа бөлінді – жақтаушылар мен қарсы топқа. Ел ішіндегі осындай дүрбеленді пайдаланып театр басшылары мен сол кездегі беделді тұлғалар тиісті билік өкілдеріне: «Егер пьесаға біржола тыйым салатын болсақ, наразылықты одан бетер күшейтіп алуымыз мүмкін» деген қауіпті төндіре айтып, ақыр соңында «Шыңырауда» драмасы сахнаға жол тартты. Пьеса қиын жазылды. Репетиция одан да қиын өтті.

Бүкіл театр «Шыңырауды» шыңға шығаруға бар күштерін аянбай жұмсады. Қойылымдағы басты рөлді ойнаушылар да, тобыр ішіндегі топ-топ болып жүрген жалаңаяқ бейнесіндегі актерлер де, бұзақылар мен басбұзарлар да ерекше шабытпен ойнап, іште тұнған ақыл-ой мен ашу-ызаны халықтың қарапайым тілімен құйқылжыта жеткізіп, ол сөздердің астарында жатқан революциялық наразылық рухын жанамайлап көрсету арқылы, шындық өмірді өнер тілі арқылы шеберлікпен жеткізген қойылым «Шыңыраудың» идеясын шындық шыңына шарықтата көтерді. Өмір театрдың сахнасына көшіп келе салғандай болды. Ондай шындыққа иланбауға ешкімнің мұршасы қалмады. Пьесадағы оқиғалардың дамуы мен ширығуындағы мотивацияның нақтылығы сондай, спектакль біткенде көрермендер отырған орындарынан қалай тұрып кеткендерін білмей, зал ішін жарып жіберердей дүркірей қол соқты. Овация! Горькийдің түбегейлі жаулары да сол овацияға қалай қосылып кеткендерін өздері де байқамай қалды. Қойылым басталғанға дейін Горькийдің жаулары боп келген скептиктер спектакль біткенде Горькийдің достарына айналды. Мұндай өзгерісті теория тілімен айтқанда катарсис деп атаймыз.

Горькийдің өзі мынандай күтпеген табыстан басы айналып, актерлерді кезек-кезек сүйіп, көпшілік алдында қайта-қайта тағзым етіп, шымылдықты жапқызбай тұрып алған көрермендерге «Болды!» дегендей қолын көтергеніне қарамастан жер тепкілеп тұрып алғандарды қалай сабырға шақырудың ретін таппағандықтан сасқалақтап қалтасынан папиросын шығарып, сол жерде темекісін тартып, одан да болмаған соң: «Хорошо! Черт подери! Хорошо, черт подери!» деп айғайлап жібергенін де байқамай қапты.

Горький шығармашылығындағы үлкен белестердің бірі – оның «Егор Булычов және басқалар» драмасы мен «Васса Железнова» трагедиясы болды. Тақырып жағынан екеуі де бір-біріне ұқсас. Егор Булычов та, Васса Железнова да Ресейдегі ең ірі кәсіпорын иелері. Мұндағы драмалық ситуациялар да бір-бірімен қарайлас келеді. Сондықтан да болар, театр сыншылары Васса Железнованы «юбка киген Булычов» деп те атап жүрді.

«Егор Булычов және басқалар» пьесасы А.М. Горькийдің Октябрь революциясынан кейін жазған алғашқы пьесасы болды.

1931 жылдың күзінде М.Горький Малая Никитская көшесіндегі өз үйінде пьесаны Вахтангов театрының әртістеріне оқып берді. Бір кездері Ф.Шаляпинмен бірге консерваторияның вокалдық факультетіне емтихан тапсырған А.Пешков қоңыр да қомақты дауысымен пьесаны жақсы оқып шықты (консерваторияға Пешков қабылданып, Шаляпин түсе алмай кеткен).

Пьесаны театр әртістері үнсіз тыңдап, оқылып біткен соң бұрынғыдай ағылып сөйлей алмай, қысылып-қымтырылған, тиіп-қашып мақтаған боп тым сараң пікір айтты. Қысқасы, пьеса ешкімге ұнамады. Онда әрекет аз, диалогтар дөрекі, оқиға дамуы театрға арналмағандай көрінді. Үш акт бойы адуынды да өркөкірек басты кейіпкердің өлім аузында жатқаны, әні-міне өледі деп күткенмен өліп те тынбайтыны көрсетіледі. Оқиғаның бас-аяғы осы ғана. Пьесаны талқылау кезінде актерлер турасын айтудан тайсақтап, айта қалса да сыздықтата сөйлеп, жеңіл-желпі сын-ескертпелерін жақауратып айтумен ғана шектелді.

Горькийге тән ерекше қасиет – ол ешқашан атақ-даңқы мен беделіне салып өзін өзгелерден биік ұстамайтын. Сол әдеті бойынша ол театр ескертпелерін аса бір

ыждаһаттықпен тыңдап, ескертулер бойынша мәтінге өзгерістер енгізіп, бірақ алғашқы нұсқасын негізінен өзгеріссіз қалдырды.

Екі-үш айдан соң спектакльдің бірінші актісі көркемдік кеңесінің назарына ұсынылды. Жиналғандардың басым көпшілігі тағы да тұйыққа тіреліп, драматургтің не айтпақ болғанын түсіне алмай дал болды. Ең бастысы, Горький бұл пьесасында көрерменді сыртқы оқиғалардың әсерімен, интриганың кенеттен сынып, басқа бағытта өрбуі сияқты ежелден келе жатқан театр әдісінен саналы түрде бас тартып, Булычовтың неге, не үшін үш акт бойы өле алмай жатқанының себебіне режиссерлік жіті көзбен қарау керек екенін талап етті. Сахнада үш акт бойы өлемін деп өле алмай жатқан адамға қандай режиссерлік жіті көз керек? Ол қандай әдіс? Үш акт бойы өле алмай жатқан адамнан көз алмай қарап отыру көрерменді жалықтырып жібермей ме?

Көрермендер назарын аулау үшін режиссер Булычовтың жастығының астына бір қағазды жасырып қою керек деген идея ұсынып көрді. Ол қағазда өсиет жазылған болу керек. Демек, оған келіп жатқан жақын-туыстары сол өсиет-қағазды ұрлап алуға әрекет жасаулары тиіс. Қойылымның финалында тірі актерлардың орнына үрмелі қуыршақтар шығып, сабын көпіршіктері сияқты олар бірінен соң бірі жарылып, сол жарылыстан Булычовтың ескі үйі опырылып құлап түсуі тиіс. Символика – ескінің күйреуі.

Мұндай әдіс шығарма арқауына мүлде жат, сюжетпен кіріге алмайтын әдіс еді.

Қойылым осындай режиссерлік «жаңашыл әдіспен» толық қойылып шыққан соң автордың ұнжырғасы түсіп, театр ұжымы тағы да дел-сал күйге түсті. Қойылымды қатты сынға алушылардың бірі Б.Е.Захава «мұндай арзанқол «тапқырлық» пьеса тақырыбына мүлде жат, шығармадағы материалға мүлде үйлеспейтінін, ақыры осындай «жаман» пьесаны қою керек деп шешкен екенсіздер, оған шын мәнінде жаңаша түсінік керек» деген ұсыныстарын айтқан соң, театрдың көркемдік кеңесі оның өзіне бас салып, пьесаны «жаңаша» қоюды тура осы жерде Захаваға жүктеді.

Режиссер келісім берді. Бірақ ол үшін екі апта уақыт сұрады. Ойланып, нақты шешім қабылдау үшін.

«Екі апта мерзімнің бітуін күтпестен Борис Евгеньевич Мәскеуге қайта оралып, бірден театрға келді, – деп еске алады Немирович-Данченко. – Ол екі аптаға жетер-жетпес уақыттың ішінде осы «жаман» пьесаға «ғашық» болып оралды. «Бұл пьесада біз көрмеген, біз байқай алмаған күрделі әлем жатыр, – деп мойындады Б.Захава. Ол әлем – Горький жасаған күрделі образдар галереясы, құйылып тұрған құнарлы тіл, астарлы сөздер, адам жанының қатпар-қатпар терең сырлары, Егор Булычовтың үш акті бойы өле алмай жатуының ар жағында қандай мотив бар? Жеке адамның тағдыры-жеке адамның өмірі ғана. Сол жеке тағдыр арқылы М.Горький сол кездегі қоғам тағдырын көрсетіп отыр. Ауру қоғамның өлгісі келмей жанталасып бағуда. Горький міне, осы «ауруды» ашына жазып отыр. Әйтпесе Булычовтың өсиет қағазын кім алады, кім-кіммен жаға жыртысып, кім кімнің тұмсығын бұзады – Горький үшін бәрі бір емес пе? Драматург ауру қоғамның өлгісі келмей жанталасуын тәптіштеп көрсетіп отырған жоқ па? Булычов үйінің сыртында болып жатқан оқиғаны негізгі сюжеттің паралелі ретінде көрсете білуіміз керек». Драматургтің ойын тап басу, шығарманың астарына үңіле білу, қоғам өмірі мен жеке тұлғаның тағдырын біртұтас организм ретінде тұтастай біріктіре қарауда режиссерлік «жіті» көзқарас осылай болса керек.

Режиссер театрға келгенде пьесаны басқаша оқып, оны басқа қырынан танып қана келген жоқ, болашақ спектакльді тұтастай «көріп» келді. Тіпті басты рөлді белгілі де беделді В.Щукинге тапсыратынын да айта келді.

Жаңа қойылымда қойылымдағы барлық кейіпкерлерге қайта жан бітті. Егор Булычов енді өлімсіреп, талмаусырап жүрген жоқ, өлер алдындағы «бой жасаған» адамдай барлық сөзін жынданған адам секілді буырқана айтып, құтырына әндетіп, жынданудан сақтандыру үшін оның «ішін жайлаған» жын-сайтанды қуып шықпақ боп келген әйелінің сіңлісі Игуменья Маланияны қатты қойылған грамофон музыкасының астында аласұра билеп, Құдайға қарсы айғайлай сөйлеп қуып шығады. Үстелге шығып

тепсініп, өрт сөндіруші Гавриланьң зәресін алады. Терезені айқара ашып тастап, «қараңғылыққа тұншыққан патшалық тұншығып өледі» деген өлеңді тыңдап, «Дүние қараң!.. Бәрі бітті! Мен адасып, басқа әлемде өмір сүріп келіпмін! Тарт трубаны, Гаврила! Тарта түс!» деп жанұшыра айғайлап барып жан тапсырады. Ескі Россия өлді, жаңа Россия жаңғырығы ашық терезеден азынап естіліп тұр. Қойылым адам айтқысыз зор табыспен өтті.

Пьесаны түсініп оқу, драматург ойын дәл тауып, ашып көрсете білу деген осы болса керек. Горький де премьераны көруге қатысты. Осы спектакльден соң Горькийдің атағы шарықтап аспанға көтерілсе, оның әр қадамын аңдушы «құйыршықтар» да күшейе түсті. «Сіз жойқын дауылдың жақындап келе жатқанын хабарлап қана қоймайсыз, сіз сол дауылды өзіңізбен бірге алып келгендей болдыңыз» деп жазды жазушы әрі драматург Леонид Андреев Максим Горькийге. Андреевтің бұл хатын да қырағы тәртіп сақшылары алып, Горькийге арналған арнайы папкіге тігіп қояды.

Патшалық Ресейдің кезінде соңына ілескен «құйыршық», революция дауылпазы (Буревестник) атанған Горькийдің соңынан Кеңес өкіметінің кезінде де бір елі қалмапты.

Талантты адам белгілі бір кезеңдегі билік үшін ғана емес, барлық кезеңдегі барлық билік үшін «сенімсіз». Өйткені барлық билік біткеннің шындығы басқа да өтірігі бір. Ал шын талантты жазушы шындықты айтпай тұра алмайды.

«Егор Булычовтан» соң Максим Горький «Васса Железнова» драмасын жазды. Трагедия жанрына жатқызуға болатын бұл пьеса Кеңестер Одағы театрында ең елеулі, ең құнды, көрермендерді ең көп жинаған «кассалық» спектакль болды.

Мұндағы тақырып – ескі мен жаңаның айқасы, идея – жаңа рухтың сөзсіз жеңіске жететіндігі.

Драмалық ситуация – Васса Железнова мен оның байлығын тартып алуды көздеген пайдакүнем, қоғамның мүддесін емес, жеке бастың қамын ойлаған тоғышарлардың арасындағы тартыс.

Кульминация – Васса Железнованың өлімі.

Васса Железнова – үлкен масштабтағы кәсіпорын иесі. Волга өзені бойындағы кеме жүргізу компаниясының қожайыны. Алғыр, іскер, жігерлі, өзін-өзі қорғай алатын қайратты әйел. Оның байлығына қызығып та, қызғана қарайтындар оны тартып алғысы келетіндер, тым болмаса сол мол байлықтан «тістеп» қалуға ұмтылатын адамдар толып жатыр. Вассаның күресуден жүйкесі тоза бастады. Айналасын қоршаған «қасқырлардан» жерініп бітті. Егор Булычов сияқты бұл да өзін басқа әлемде, басқа заманда, басқа ортада өмір сүріп жатқанын сезе бастады.

Алаяқтар мен жемқорларды жеңу мүмкін емес екеніне көзі жете бастады.

Бұл идеяны бүгінгі күнмен үндес емес деп кім айта алады?

Васса Железнова саналы түрде жеңілді.

Барлық мал-мүлкін, кеме жүргізу компаниясын, қыруар ақшасын тәрк етіп, бақшасында өсіп тұрған жеміс ағашының бір бұтағын бетіне жауып, өмірімен қош айтысты. Өмір азабынан құтылды.

Бүтін бір дәуір келмеске кетті. Үш сағат бойы Васса Железноамен бірге өмір сүрген залдағы көрермен спектакль біткен соң қол соғуды да ұмытып, бірнеше минут бойы орындарынан тапжылмай, үнсіз отырып қалды.

Олар театрдағы катарсисті шындап бастан кешіріп, әділетсіздік атаулыға дәл осы сәттен бастап қарсы шықпақ болғандай дүрліге көтерілді.

Өнер құдіреті деген осы. Ол адам бойына ерекше күш, ерекше жігер, ерекше рух сеуіп, ерекше шешім қабылдауға әсер етеді.

Осы пьесаның тағдыры да адам тағдырына – өте ұқсас. Премьерадан соң билік атаулыға қарсы көшеге шығып, «жойылсын әділетсіздік!» – деп ұрандауға дайын көпшілік, арада төрт-бес жыл өткен соң басқа пьесалардың әсерінен бұл драманы да ұмыта бастады.

Пьеса барлық театрлардың репертуарынан түсіп қалды. Ол мүлде ұмытыла бастады.

1935 жылы Мәскеуде деревнялық театрлардың Бүкілресейлік фестивалі өтті. Осы фестивальға Ленинград облысындағы бір колхоздың әуесқой театры «Васса Железнова» драмасын алып келді.

Қойылым көрермендер мен театр сыншыларының үлкен бағасына ие болды.

Ұмытыла бастаған классикалық пьесаның екінші өмірінің басталуына осылайша алыс түкпірде жатқан колхоз театры себеп болды.

Осыдан соң үлкен театрлар «Васса Железнованы» жаппай қайта қоя бастады.

* * *

Әлем әдебиетінің классигі ретінде танылып, көптеген романдарымен, пьесаларымен, «Макар Чудра», «Челкаш», «Коновалов», «Изергиль Кемпір» сияқты тамаша әңгімелірмен атақ-даңқтың шыңына көтерілген Максим Горький Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін себепсіз ұмытыла бастады. «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Ана» романы үшін кейінгі ұрпақ оны «пролетариаттың жазушысы», «коммунистік идеологияның табынушысы» ретінде ғана танып, оның басқа шығармаларын жадыларынан біржолата сызып тастады. Бұл тенденция – тобырлық сананың адасуы еді. Ресей оқырмандары Кеңес өкіметінің алғашқа он жылдықтары кезінде бүкіл адамзаттың көркем ойының ең жарық жұлдызы деп мойындалған ұлы жазушы Ф.М.Достоевскийді де санадан шығарып тастаған еді. Сол сияқты, коммунистік идеологиядан арылу жолында ұранға ілескіш тобыр құммен бірге алтынды да төгіп тастады.

Детектив жанрында полиция қызметкері жайлы 30-ға жуық роман жазып, шығармаларының таралымы 750 мыңға жеткен Ресейдің ең атақты жазушысы Александра Маринина (Марина Алексеева) жас қаламгерлермен тәжірибе жұмысын жүргізу кезінде олардың бәрі Горькийді білмейтін боп шығады. Білсе де, оқулықта бар «Дауылпаз туралы жыр» және «Шыңырауда» пьесасын ғана біледі екен. Соның өзінде «Шыңырауданы» пьеса емес, «роман» деп шатастырған. Бұдан соң ол жастарға да, өзіне де жаңа тәжірибе жүргізіп көреді. Ол тәжірибенің талабы: Горькийді революция жазушысы деп емес, саясаттан тыс жазушы ретінде шығармаларын қайта оқып шығуды тапсырады. Өзі де осы оймен жазушы шығармаларын қайтадан түгелдей оқып шығады. Міне жаңалық! Жоғарыда аталған «Ана» романы мен екі жырынан өзге бір де бір шығармасынан «революциялық» рухтың, большевиктік насихаттың ізін де таба алмай, керісінше, барлық шығармаларында адам жанындағы ірі қопарылыстарды ақтара жазған нағыз ұлы суреткерді қайта ашып, осы кезге шейін өзгелер емес, өзінің де санасының тобырлық жалған насихатпен тұманданып келгеніне таңғалады. И.С.Тургеневтің романдарында әке мен баланың арасындағы түсініспеушіліктен тұратын драма негізгі проблема болса, А.М.Горькийде ол проблема антогонистік қарама-қайшылық тұрғысындағы тартысқа құрылған. Мұнда келесі ұрпақ ата-ананың жолымен жүргісі келмейді, ол жаңа жол іздейді. Сол ізденіс жолында адами ізгі қасиеттер мен неше түрлі харам ниеттердің бітіспес күресіне толы драмалық ситуациялардың алуан түрі айқасқа түседі. Александра Марининаның тоқырау кезеңін көрсетуге арнаған «Горький Квест» деп аталатын кітабы М.Горькийдің шын мәнінде ұлы жазушы екенін қазіргі оқырмандарға қайта танытып берді.

Бізге белгісіз

Горький Кеңес Одағы кеңістігінде оның шығармаларының таралымы 242 миллионға жетті. Оның атақ-даңқы тек Кеңес Одағының шеңберімен шектеліп қалған жоқ, ол әлемдік деңгейдегі ең әйгілі, ең атақты ойшыл жазушы боп мойындалды. Алты рет Нобель сыйлығының номинанты болды. Бірақ оған әдебиет саласындағы ең атақты сыйлық бәрібір берілмеді. Комитет мәжілісіндегілердің пікірі бойынша, оған сыйлықтың берілмеу себебі – М. Горький алғашқы кезеңде «анархист» болды, сонан соң

большевиктерді қолдады. Онан кейінгі жылдары Аргентинаның ұлы жазушысы Хорхе Луис Борхеске де Чилиде Пиночетті қолдағаны үшін берілмей қалды.

Горькийдің бізге белгілі өмірі – айдың бергі жағы, ал арғы жағы қалай? Сол «арғы жақта», яғни оның өмірінде қандай оқиғалар тарихта айтылмай келеді? Сталиннің өзі оны ерекше құрметтеп, Кеңес жазушылар одағын құрып, оны басқаруды тапсырған, барлық жаңа бастамалардың басына үлкен сеніммен қойып, оған адамдық, азаматтық, шығармашылық ерік беріп қойған ұлы жазушы ойламаған жерден неге опат болды? Ең сыйлы, ең абыройлы, ең бай, биліктің ең сүйікті жазушысы болған Максим Горький қай тірлігімен ұлы көсемге жақпай қалды? Мұның ар жағында ұзаққа сермейтін шырғауықтай шатасқан тарих жатыр. Ол шатасқан тарихты Горький замандастарының әр кезде жазып қалдырған естеліктерінен, Горький өмірінің құпия беттерін ашуда ұзақ уақыт тістеп-тырнақтап материал жиып, ол жайлы кітап жазған жазушы, барлау агенттерінің өмірін зерттеуші Геннадий Соколов бізге Горький өмірінің назардан тыс қалып келе жатқан, тіпті белгілі боп келген жайттарды «жеті құлыптың» ар жағында ұстап келген шындықтардың бетін біршама ашып берді. Ол тарихты үш тақырыпқа бөлуге болады. 1. Горький өміріндегі әйелдер немесе махаббат машақаттары. 2. Аңыз бен ақиқат. 3. Шың мен шыңырау.

Горький өміріндегі әйелдер

М.Горький 1902 жылы «Шыңырау» атты атақты пьесасын жазды. Кімде кім оның «Балалық шақ», «Кісі есігінде» деп аталатын шығармаларын оқыған болса, «Шыңырау» драмасындағы оқиғалар автордың басынан кешкен қаңғыбастар мен кедей-кепшіктер өмірінен алынғанын бірден түсінеді. Осы пьеса бойынша қойылған МХТ театрындағы спектакль Максим Горькийдің жеке өміріне айрықша әсер етті. Пьесадағы басты рөлдердің бірі – Наташа рөлін театрдың атақты актрисасы Мария Андреева ойнаған еді. Максим Горький Мария Андрееваның керемет ойынына қатты риза болып, спектакль біткен соң ерекше толқу үстінде актрисаны көзіне жас алып тұрып құттықтайды. Осы сәтті кейіннен актриса былай деп еске алады: «Горький көзінің жасын жасыра алмай маған жақындап келді де, қолымды қысып, ризашылығын білдірді. Мен болсам өзімді-өзім ұстай алмай оны қатты құшақтап, тура сахнада, дуылдап жатқан жұрттың көзінше сүйіп-сүйіп алдым».

Осы сүйіс жалындаған махаббатқа ұласады. Олар жиі-жиі кездесіп тұратын болды. 1903 жылы Андреева темір жол саласында үлкен бастықтың бірі болып істейтін күйеуімен ажырасып, М.Горькийдің азаматтық некедегі әйеліне айналады, оның хатшысы болады. Бұл кезде ол заңды әйелі Екатерина Пешковадан ажыраспаған, ажырасу жайлы ойламаған да еді. Пешкова бұл жайды білсе де білмегендей сабырлы күйін сақтай білді.

Максим Горькийдің жаңа махаббаты оның саяси бағытының кілт өзгеруіне шешуші әсер етті. Мария Андреева жазушы пьесасындағы Наташа рөлін ғана емес, оның саяси көзқарасының жаңа белестерге көтерілуінде де тамаша рөл атқарды. Марияның ықпалымен М.Горький большевиктер партиясының қатарына өтіп, Ленинмен танысады. Олардың махаббаты үш жылға созылып, 1919 жылы араларындағы сезім оты суына бастайды.

Максим Горькийдің Андрееваға деген ыстық махаббаты да, Ленинге деген көзқарасы да суына бастайды.

«Горький өмірінің көкжиегінде тағы бір Мария пайда болды, – деп жазады Геннадий Соколов. – Закревская Беккондорф-Будберг. Оның екінші аты – Мата Хара. Талай елдің агентурасына қызмет еткен әйгілі – Мата Хара. Орыстан шыққан миледи. Жақын араласқан адамдар үшін – жай ғана Мура. Өмірі таңғаларлық фантастикаға толы мейлінше жұмбақ жан. Ол Полтавада, дворян отбасында дүниеге келген. Өзінің Мәскеу генерал-губернаторының жұбайы, кезінде А.Пушкин «мисс Венера» деп атаған Аграфена Закревскаяның шөбересі екенін мақтан тұтатын. Кембридж университетінде оқыған. Өзінің алғашқы күйеуі – Германиядағы орыс елшілігінің хатшысы Иван Беккендорф.

Орыс тарихында да бұл фамилия біршама таныс. Пушкиннің әрбір қадамын бақылаушы жандарм Беккендорфтар әулетінің жалғасы.

Ақылы мен парасаты, білімділігімен, сөзшеңдігімен жарасымдылық тапқан Мария Закревскаяның болашағы зор еді. Бірақ 1917 жылғы орыс революциясы оның болашақ өсу жолын біржолата жауып тастады. Украинадағы әке-шешесінің имениесін жаппай бей-берекетсіздік кезінде көтерілісшілер түк қалдырмай өртеп жібереді. Онан соң күйеуінің Эстониядағы имениесі өртке шалынды. Күйеуі Иван Беккендорфты өлтіріп кетеді. Марияның екі баласын гувернантка от ішінен әрең дегенде аман алып қалады. Жесір қалған Мария Ресейге қоныс аударып, ағылшын консулы, бір кездері Кембридж университетінде бірге оқыған Брюс Локкардты тауып алады. Ал Брюс болса, МИ-6 деп аталатын ағылшын агентурасының қызметкері еді. Кездескен сәттен бастап олардың дауылды махаббаты басталып, агент Брюстің махаббаттан басы айналып кеткендей болады. Өзінің күнделігінде агентке тән ұстамдылығынан айырылған Брюс: «Не болғанын білмеймін, менің өміріме ерекше бір сезім араласып, ес-түсімді алып бітті. Ол сезім барлық сезімдерден әлдеқайда күшті, тіпті өмірімнен де қымбат боп барады» деп жазған екен. Бірақ бұлардың бақытты күндері ұзаққа созылмайды. 1918 жылы Петроградта ЧК-ның бастығы Урицкиді жаулар атып өлтіреді, ал дәл сол күні Фанни Каплан Ленинге екі рет оқ атты. Түнгі сағат екіде, елшілердің антикеңестік ұйымының ұйытқысы деген күдікпен Локкардтың пәтеріне чекистер баса-көктеп кіріп, Мура екеуін тура төсекте жатқан жерінен ұстап алып кетеді.

Мураны Дзержинскийдің орынбасары Петерс тергеуге алады. Ол өзінің көңілдесінің шпиондық әрекеттерінен мүлдем бейхабар екенін дәлелдеп шыққан соң Петерс оны босатып жібереді. Ұзақ уақыт бойы ерлі-зайыптылардай бірге өмір сүріп келген адамның кәсібі мен іс-әрекеті жайлы мүлдем бейхабармын дегеніне сауысқаннан сақ, борсықтай күдікшіл атақты чекист қалайша оның сөзіне оп-оңай сеніп, босатып жібере қойды? Өзінің кінәсіз екеніне сендіріп қана қоймай, түрмеде жатқан көңілдесін де бостандыққа шығарып алуына қандай дәлелдер себеп болды? Әрі-беріден соң ол «күйеуі» екеуі Стокгольмге кетіп, сол жақта заңды отбасын құруға тілек те білдіреді. Бірақ Петерс оның тілегін жартылай орындап, көңілдесін шетелге жібереді де, өзін Ресейде қалдырады.

Чекистер де оңай шағыла салатын жаңғақ емес. Петерстің жоспары әріде жатыр еді. Ол Марияны Кеңес агентурасына қызмет етуге мәжбүрледі.

Осыдан соң Кеңес агентурасына қызмет етуге кіріскен Мария Закревская Еуропа мен Латын Америкасын шарлап келіп, Максим Горькийдің ұйымдастыруымен ашылған «Әлем әдебиеті» деген баспадан бір-ақ шығады. Демек, Кеңес өкіметінің сақшылары Максим Горькийдің қызметін бақылауға алуды жөн көріп, ондай аңдушы үшін бірден-бір қолайлы адам Марияның кандидатурасы деп шешсе керек.

Сөзге ашық, білімді, эрудициясы жоғары Мария Закревская Горькийге бірден ұнай кетеді. Ұнай кету былай тұрсын, махаббаттан аузы күймейтін Мәкең (Максим) оны ұнатып қалады. Кеңес Одағының аса көрнекті ақыны Корней Чуковский бұл сәтті былай деп еске алады. «Бір таңғаларлығы сол, Максим Горький ешқашан оған арнайы қарап сөйлемесе де, барлық сөзін Марияға тигізіп айтатын. Ондай кезде ол ерекше тапқыр, ерекше шешен, үлкен бір тойға дайындалып жатқан гимназистердей сүйкімді көрінуге тырысатын».

Көп ұзамай Мура Максим Горькийдің тікелей әдеби хатшысы, аудармашысы, азаматтық әйелі боп, оның Петроградтағы кең сарайдай үйіне көшіп алды. Пролетариаттың ұлы жазушысынан оның нақсүйері 24 жас кіші болатын.

«Дәл осы кең сарайдай пәтер Горький өмірінде келеңсіз бір оқиғаның куәсі болды, – деп жазады жазушы өмірінің агентурамен байланысты жағын мұқият зерттеген Геннадий Соколов. – 1920 жылы Ленинмен кездесу үшін Мәскеуге Англияның атақты фантаст-жазушысы Герберт Уэльс келген болатын. Оның «Уақыт машинасы», «Көрінбейтін адам», «Әлем соғыстары» атты романдары Кеңес Одағында кеңінен белгілі еді. Петроградта ол өзінің ескі досы М.Горькийдің үйінде тұрды. Ұйқысы қашқан Уэльс түнде тұрып, кең бөлмелерді аралап жүріп, адасып кеткен адамдай Мура жатқан бөлмеге

«абайсызда» кіріп кетеді. Таңертең қызғаншақ Горький ол екеуін төсекте жатқан жерінен ұстап алады. Ал Мура болса аспай-саспай, жайбарақат қана: «Алексей Максимович, сіз ойлаңызшы! Тіпті махаббатқа тоймайтын әйел үшін бір сәтте екі бірдей атақты жазушымен бірге болу тым көптік қылмай ма?! Оның үстіне, Герберт сізден үлкен ғой!» Шындығында Герберт Уэльс Горькийден екі-ақ жас үлкен болатын.

Герберт Уэльс пен баронессаның кездесулері араға жылдар салып жалғасын тауып жатты.

Орыс миледиінің ер адамның басын шыр айналдырып алатын ерекше қасиеті барын замандастары таңғалып еске алып жүретін-ді. Ол көз тартатындай сұлу да емес. Бернард Шоудың жазуы бойынша: «Герберт Уэльс есі ауып, ауруға шалдықты – ол баронесса Будбергтің арбауына шыға алмастай боп шырматылды». Герберт Уэльстің өзі күнделігіне ол әйел жайлы былай деп жазған: «Ол 43 жасқа толды. Бурыл шаштарына ақ шаш араласа бастаған, уақыт өте толық әйелге айналар белгілері бар. Әйтсе де, көп әйелдермен қатар қойғанда, ол өзгелерден ерекше көрінетін. Ал суретіне қарасаң алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Кәдімгі мұрны таңырайған, жас кезінде кеңсірігін сындырып алғандықтан пұшықтау боп көрінетініне қарамастан оның еркек атаулыны өзіне тартып тұратын құпия магнитизмі бар секілді».

Сонымен Ленинге жолығып болған соң Горькийдің таза сезіміне тозақ түсіріп, Герберт Уэльс еліне қайтты.

Еліне бара салып, «Россия во тьме» деген очеркін жариялады.

М.Горький Мурамен қалды. Арада біршама уақыт өткен соң екеуі Германияға, сонан соң Италияға аттанды. Мура болса жазушының қаламақысын реттеумен, шетелде оның кітаптарын шығару ісімен белсене шұғылданды. Батыста Горький шығармалары бұрқырап шығып жатты. Ол Мураны бұрынғыдан да жақсы көре түсті. «Клим Самгиннің өмірі» атты атақты романын Мураға арнады.

Италияда жүргенде М.Горький көп ретте жалғыздықта өмір сүрді. Мура болса баспа ісімен айналысуды сылтауратып, Еуропаның басқа елдеріне жалғыз өзі жиі-жиі аттанып кете беретінді шығарды.

«Сіздің келетін күніңізді есептеумен уақыт өткізіп жүрмін. Сіз есіме түскенде, ұят та болса айтайын, өзімді 25 жасар жігіттей сезінемін. Бұлай жазу ыңғайсыз-ақ, бірақ амал қанша, менің ішкі сезімім осылай» деп Мураға жиі-жиі хат жазса, Мура оған: «Сіз менің өмірімнің қуанышысыз. Менің жан дүниеме сіз ғана керексіз. Мен, міне, отызға келдім. Кинематография әлемінде кинематографиялық адамдардың түр-түрімен кездесіп жүріп, ақырында сізді таптым. Осы үшін Құдайыма разымын, өйткені мен Құдайға сенетін адаммын, ал сіз, Құдайға сенбейсіз».

Ол Англиядағы балаларына баруды сылтауратып Лондонда көп болатын. Ал шындығына келгенде, ол сыртқы барлау жұмысымен айналысатын. Оған Британ барлау агенттігінің 1936 жылғы 5 мамыр айындағы мынадай ақпарат дәлел. «Агентуралық мәлімет бойынша, Лондонда тұрып жатқан ресейлік эмигрант Мария Будберг 1918 жылдан бері Кеңес агентурасына қызмет ететін адам. Ол НКВД-ның бастығы Ягодаға тікелей бағынышты». Ал Кеңес жағы болса Мураны ағылшындардың агентурасына қызмет етіп жүрген күдікте болды, өйткені ол бір кезде Мурамен азаматтық некеде бір үйде өмір сүрген Локкардпен кездесіп тұратыны жайлы мәліметті жақсы білетін еді. Шынтуайтына келгенде, Мура екі жаққа да бірдей қызмет етті. Ал оның ең басты міндеті – шетелде жүрген революция дауылпазының өмірін бақылауда ұстау болатын. Оны әрине Горький сезген жоқ. 1933 жылы сол дауылпаз Кеңес Одағына қажет болды. Пролетариаттың ең атақты жазушысының фашистік Италияда ұзақ өмір сүріп жатқаны Кеңес Одағының басшыларына ұнамады. Оның тез арада елге оралып, кеңестік өмір шындығын асқақ үнмен бар әлемге паш ететін шығармалар жазуын талап етті. Сталин мен Ягоданың тапсырмасы бойынша, Мура Максим Горькийдің елге оралуы қажет екеніне көзін жеткізе білді. Жастайынан өкпе ауруымен ауыратын, денсаулығына өте қолайлы боп көрінген Италияның Сорренто қаласында біржола қалуды ойлап жүрген ол, туған-туысқандарының

да оның Кеңес Одағына қайтып келуіне қарсы екеніне қарамастан, елге оралуға шешім қабылдайды. Сталиннің тапсырмасы бойынша, Мура жазушы шығармаларының шетелде басылуы сиреп, қаламақысы азайып бара жатқанын, ал Кеңес Одағында оны үлкен құрмет, фантастикалық қаламақы, қысқасы, жазушыға қажетті барлық жағдайдың жасалатынын айтып, ақыры көздегеніне жетіп тынды.

Максим Горькийді, шын мәнінде, Кеңес Одағында ерекше ықыласпен, зор қошеметпен күтіп алды.

Ал Мура болса елге оралмай Англияға, Герберт Уэльске аттанды.

Елге келген Горькийдің саяси көзқарасы өзгеріп сала берді. Бұрынғы достары Бухарин, Рыков, т.б. ұсталып кетіпті. Шетелден келген соң «Италия әсерлері» атты кітабын жарыққа шығарған соң, «Кеңес шындығын асқақ үнмен» жырлайтын шығармалар тудырмай-ақ қойды. Сталиннің өзі күткендей, ұлы көсем жайлы көркем дүние жазудан бас тартты.

1936 жылы чекистер Сталинге Горький күнделігінің көшірмесін әкеп көрсетеді.

Аңыз бен ақиқат

Дәл осы сәтке дейін М.Горький өмірі аңыз бен ақиқат арасындағы жазушыға қажет атақ-даңқ пен құрметке бөленіп келсе, бір кездері өзін 25 жасар жігіттей сезіндірген ғашығы сол аңыздың бәріне қара нүкте қоярын романтикалық сезім мен сенімге құлай сенетін талант иесі қайдан білсін. Кеңес өкіметінің әдебиет әлеміндегі атын асқақтата түскен «Егор Булычев және басқалар», «Шыңырауда», «Мещандар», «Саябақшылар» («Дачники»), «Күн перзенттері», «Жаулар», «Тағылар», «Васса Железнова» атты пьесаларымен қатар, «Клим Самгиннің өмірі», «Фомма Гордеев», «Ана» романдарын, атақты «Макар Чудра», «Челкаш», «Изергиль кемпір», «Коновалов» сынды классикалық шығармаларды дүниеге келтірген ұлы суреткер, «жаулар» деген пьеса жазса да өз жауларының дәл қасында, тіпті төсегінде бірге болып, жанын бақыт пен ләззатқа бөлеп келген әйелден ажал құшатынын байғұс Горький қайдан білсін.

Француз детектившілерінің арасында «Ищите женщину» деген қанатты қағида кең тараған. Үлкен бір қылмыстың шешімін таба алмай, әбден бастары қатқан кезде айтылатын сөз. Демек, шатысқан оқиғалардың ішінен әйелді іздеп көру керек. Өйткені барлық қылмыс көп жағдайда әйелдің араласуымен жасалады екен. Егер М.Горький өзінің атақты шығармалары арқылы мақтау мен мадақтаудың шыңына көтерілсе, сол шынның төменгі жағында терең шыңырау жатқанын да бейғам суреткер аңғара алмады.

Шыңырау

Чекистердің Сталинге әкеп тапсырған Горькийдің күнделігінде мынадай жолдар бар еді:

«Менің бір таныс механигім бар еді, сол айтады: егер кішкентай ғана бүргені жүз есе үлкейтсе, ол жер бетіндегі ең барып тұрған жыртқыш аңға айналып, онымен күресуге ешкімнің шамасы келмес еді. Большевиктік насихат пен сұмдық үрей тудыратын гипноз нәтижесінде пайда болған Сталин де сондай бүргенің бірі».

Күнделіктегі осы жазбалармен бірге, чекистер Горькийдің атақты француз жазушысы Луи Арагонды қонаққа шақырғанын, келген кезде «өте бір маңызды мәселе жайлы айтамын» деп хат жазғанын да хабарлайды.

Сталин бұл хабардан қатты шошынады. Егер ол Луи Арагонға кеңес шындығын жайып салса, көсем туралы әлгіндей жазбаларды таратып айта қалса француз жазушысы ол шындықтардың бәрін бүкіл әлемге таратпай ма? Лениннің 50 жылдығында бүкіл залды дүр сілкіндіріп, революция көсемі жайлы жүрек біткенді тебіренге баяндама жасап, ол жайлы кітап жазған Горький неге Сталин туралы мақала жазудан бас тартты? Америкаға жасаған сапары кезінде бұқаралық ақпарат көздері оны КСРО-ның болашақ президенті

деп жазуларының ар жағында не тұр? Кеңес одағының бас жазушысы деп оны көкке көтеріп, шыңға шығарғанда билік одан мұндай әрекет күтіп пе еді? Демек, екі Горький болғаны ғой! Айдың бергі беті жарқырап әсем көрінгенімен, арғы жағы қараңғылық екен ғой.

Дәл осы кезде Горький науқастанып, ауруханаға жатып қалады.

Ягода жедел түрде Англиядан Мураны шақыртып алады. Еш жерде жазылмаған қауесет бойынша, Ягода 1936 жылдың 18 маусымында Мураны Кремльге, Сталиннің қабылдауына алып барған деген алыпқашты сөз жұртқа тарап кетеді. Сталин Мурамен ұзақ сөйлескен көрінеді. Сонан соң Ягода баронесса Будбергте ауруханада жатқан Максим Горькийге алып барады. Ол Горькийдің маңынан дәрігер атаулының бірін қалдырмай қуып шығып, 40 минуттай жазушы төсегінің жанында отырады. Сол кезде ол дәріге у қосып берді деген де жорамал бар.

Мура ауруханадан шыққан соң, 20 минуттан кейін Максим Горький қайтыс болды. Міне, аңыздың ақыры осындай. Бұл жөнінде ешқандай құжат болмаса да, Горькийдің бір кездегі сүйікті әйелі оны өз қолымен о дүниеге аттандырды деген дәлелденбеген қауесет бар.

Горький қайтыс бола салып, Мария Будберг Лондонға, Герберт Уэльске қайтып оралады. Ал Сталин Горькийдің шетелдегі барлық қаламақысын Мураға заңдастырып береді.

Мура 1974 жылы Лондондағы кең пәтерінде өз ажалынан қайтыс болады.

Горькийдің мүрдесі Кремль қабырғасына қойылады. Луи Арагон келгенде досының кенет қайтыс болған үстінен түсіп, онымен тілдесе алмай қалғанына қатты өкінеді.

Дулат ИСАБЕКОВ
жазушы